

Тағылымға толы ғұмыр



өзінің теориялық білімін ел игілігіне жұмсады. Ғылымға деген құштарлық, көкіректі кернеген тың идея, терең ой жас маманды осы бір қиын да жауапты жолға алып келген еді.

Ғалымдық жолымен қатар Мәскеу мектептерінде де дәріс беруді тоқтатпайды. Әрі қарайғы еңбек жолын Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің математика және оқыту әдістемесі кафедрасында жалғастырады.

Тұрсынбек Сабырұлы математиканың маржанын теріп, ұстаздық пен ғылымды қатар ұстап үлкен дәрежеге жетті. 100-ден артық ғылыми жұмыс, 3 монография, математиканы оқыту әдістемесінен 5 оқу құралы Қазақстан мен Ресейде жарық көрді.

Германияда монографиялық еңбегі мен Англияда мақаласы баспа бетін көріп, ғалым шетелдік басылымдарда да өз қарымын таныта білді. «Зейнелгабиден әл-Жауһари және оның мектебі» атты педагогикадан жазған зерттеуі бойынша фильм түсіріліп, Тұрсынбек Сабырұлы бас кеңес-

ші болған бұл фильм «Қазақстан Республикасының тарихы» фильмдері арасынан топ жарып, бас жүлдені өншіледі.

Ғылым мен ұстаздықты қатар алып жүрген тұлға, публицистикада да өз орнын таба білді. Бүкілодақтық орталық басылымдарда («Квант», «Педагогика», «Математика в школе», «Стандарты и мониторинг в образовании» және т.б.) 16 мақаласы жарық көрді. Сондай-ақ, «Казахстанская правда», «Акмолинская правда» газеттерінде 60-тан аса публицистикалық мақалалары мен еңгіме және очерктері жарық көрді. Мектепте математика пәнін оқытуға байланысты бірнеше оқу құралдарын басапанды шығарған.

Тұғыры биік перзентін халқы таныды, бағалады. Жемісті жүргізген ағартушылық, ғылыми және қоғамдық қызметтері үшін профессор Т.М.Маликов «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», «Қазақстан Республикасы білім беру саласының құрметті қызметкері», «Тың жерлерін игергені үшін» медалімен марапатталды. Сондай-ақ бірнеше халықаралық жеңістердің жеңімпазы. Бұл ел игілігі үшін аянбай еңбек еткен азаматына берілген халқының алғысы, көрсеткен зор ілтипаты еді.

Бүгінде ғалым-ұстаз 70 жасқа толды. Ол бұл жасқа үлкен өмір өткелдерінен өтіп, толайым табыспен, үлкен ғылыми атақ-абы-

роймен халық құрметіне бөленіп келіп отыр. Жетпіс жаста қуаты кеміп, жоспары ортайған жоқ. Көрнекті ғалым, ұстаз, профессор Т.С.Маликов қазір нағыз шығармашылық кемел шағында. Егемендігімізді алып, тәуелсіз – даңғыл даму жолына түскен ерікті еліміздің жарқын болашағы үшін оның ұлттық математика ғылымы саласында еселі еңбек етіп, әлі талай-талай еңбектер жазатынына сеніміміз мол.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздеріңше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға. Оған – дәл осындай адами асқақ қасиетке, қанша ғұмыр кешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар.

Математиканы оқыту саласында баға жетпес еңбектің авторы, мерейтой иесі Тұрсынбек Сабырұлын асқаралы 70 жасымен құттықтай келе, зор денсаулық, отбасының амаңдығын тілеп, мәңгілік нұрдың қызметшісі - ұстаздықтың ұлы есімін биік ұстап жүре беріңіз демекпіз. Республикаға белгілі заңғар ғалымға адами бақыт, шығармашылық табыс тілейміз. Жасай беріңіз, жақсы аға!

Физика және математика кафедрасының ұжымының атынан:
PhD доктор ШУЮШБАЕВА Нұргүл Найзабекқызы.

Қасиетті Көкше өңірінде туып, ұлттық ғылымның дамуына, өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып, биік азаматтылықтың, кемел ой мен терең білімнің иесі атанып отырған жерлестеріміздің бірі – бүгінде Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті «Физика және математика» кафедрасының профессоры Маликов Тұрсынбек Сабырұлы. Ол бүгінде университеттің бетке ұстар қабырғалы, тәжірибелі ұстазы, заңғар ғалымы, математика майталманы.

Өзінің саналы ғұмырын ғылыми зерттеу жұмыстарына, студент жастарды тәрбиелеуге, жас ғалымдарды ғылым әлеміне жетелеуге арнаған Тұрсынбек Сабырұлы әрқашан көңіл көюкіегімен ұрпақтың ертеңін бүгіннен ойлаған сан қырлы тұлға.

Мектепті медальмен бітіріп, қызығы мен қиындығы мол күрделі ғылым - математиканы таңдаған Тұрсынбек Сабырұлы Омбының мемлекеттік педагогикалық институтын бітіріп шығады. Ақжелкен арман арқалаған бозбала шағын өзінің туған жері Қызылтуға арнап, 10 жылдан артық мектепте математика және физика пәндерінен дәріс береді. Математика саласының қыр-сырын игеріп, түйткілді тұстарын аңғарған жас ұстаз өз білімін Мәскеудің Ленин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының математика пәнін оқыту әдістемесі кафедрасының аспирантурасында жалғастырып, математиканы оқыту әдістемесі

бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. 2005 жылы Ресейдің білім беру академиясының оқытудың мазмұны мен әдістері институтында ғылым докторы дәрежесін алу үшін докторлық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты. Алдына қойған мақсатына жеткен ғалым-ұстаз